



31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ



КЕҢГІР КӨТЕРІЛІСІ

Саяси тұтқындардың ерекше тәртіптегі «Степлаг» лагері Жезқазған өңірі тарихының көлеңкелі бір тармағы екенін ешкім жоққа шығармайды. Сол кезеңде ең көп қолданылған 58-баппен бас бостандығынан айырылған 20 мыңдай тұтқын Кеңгір су қоймасын, жылу-электр орталығын, байыту фабрикасын, болашақ Жезқазғанның әлеуметтік нысандарын салып, қайнаған құрылыстың бел ортасында жүрді. Солардың күшімен Крестовский, Теректі кенттері бой көтерді. Шахта мен карьердегі, Байқоңыр көмір ошағындағы, Балқаштағы, Екібастұздағы, Алтайдағы ауыр жұмыстарға да тұтқындар аяусыз жегілді. «Степной лагерьдің» Кеңгір бөлімшесінде 1954 жылғы 16 мамырда басталған көтеріліс 40 күнге созылып, Кеңес Одағындағы «ГУЛАГ» жүйесінің бұдан әрі таратылуына себепкер болған еді.



Жезқазған оқушылары «Степлаг» лагерін аралап, ақтаңдақ тарихпен танысып қайтты

(Жалғасы 3-бетте)

ӘУЛИЕАТА ЖЕРІНДЕГІ САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ

ДӘРІГЕР – 18

САЗГЕР – 22

АГРОНОМ – 8

АРБАКЕШ – 2

АСПАЗ – 18

МАШИНИСТ – 23

ЖУРНАЛИСТ – 2

ЕСЕПШІ – 41

ЭКСПЕДИТОР – 2

ФОТОГРАФ – 6

ТРАКТОРШЫ – 3

СОЛДАТ – 6

СТУДЕНТ – 3

МУЗЫКАНТ – 3

КАССИР – 3

МҰҒАЛІМ – 26

ЗАҢГЕР – 10

КІТАПХАНАШЫ – 1

ЖАЛПЫ
1600 АДАМ АТЫЛҒАН

(Жалғасы 5-бетте)

АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

ЖҮЗ АЛПЫС СЕГІЗДІҢ ЖҰМБАҒЫ



Алматы облысының Талғар ауданына қарасты Жаңалық ауылында тұратын Мұрат Қырғызбайұлы есімді азамат өзіне тиесілі жерге үй, оған жапсарлас монша салады. Екеуінің арасына су құбырын тарту кезінде жер астынан адамның бас сүйектері табылған. Марқұмдардың мүрдесімен бірге көзілдірік, көп мөлшерде оқ, мөсі, түйме, тиын, тағы басқа заттар қазып алынған. Осыған байланысты Алматы қалалық сот-сараптама орталығы 6 ай зерттеу жүргізіп, барлық сүйектердің 168 адамға тиесілі екенін анықтады. Мәйіттердің арасында бес әйел болған. Барлығы қарақұстан тиген оқтан ажал құшқан.

Осы аптада қазып алынған сүйектер зиялы азаматтар мен имамның қатысуымен Жаңалық ауылында жер қойнына берілді.

(Жалғасы 3-бетте)

ТАБИҒАТ

КИІК-ҚЫРҒЫН ҚАЙТАЛАНБАСЫН ДЕЙІК...



(Бұл туралы 7-беттен оқыңыздар)

МӘСКЕУГЕ СЕРІКТЕС ТАРИФТЕР

Тек 2019 ж. 15 маусымына дейін Қазақстанның бірнеше қаласынан Мәскеуге ұшатын рейстерде сатылымда болатын арнайы серіктес тарифтерімізді пайдаланып, серігіңізбен бірге 40%-ға дейін жеңілдікпен жайлы саяхаттаңыз.



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
67,73



DOLLAR
381.37



EURO
425,78



РУБЛЬ
5,86

БИЛІК

Құзырлы орындар әзірлеген алдын ала болжам бойынша елімізде мамандарға деген қосымша қажеттілік 573 мыңнан астам адамға құраған. Осымен байланысты орта және жоғары білікті жұмыс орындарының саны да артатыны анық. Ал сұранысты толық өтеу міндеті ең бірінші кезекте колледждерге жүктөлгелі отыр. Демек, мықты білім ордаларының келешегі де кемел болмақ. Бірақ олар заманға қаншалықты бейімделді, болашақ мамандардың біліктілігі қалай өлшенеді? Заманауи құрал-жабдықпен қаншалықты жабдықталған? Осындай сан түрлі сауал осы аптада Премьер-Министр А.Мәминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жан-жақты сөз болды.

Техникалық және кәсіптік білім беруді одан әрі дамыту мәселелері қаралған жиыннан біраз ой түйге болады. Ең бастысы, өндіріс саласында жетекші орын алатын 150 компания және 50 жоғары оқу орны колледждерді сенімді басқаруға алуға қызығушылық танытыпты. Бұл туралы білім және ғылым министрі К.Шәмшидинова хабарлады.

Техникалық және кәсіптік білім жүйесін дамытудың келешегіне тоқталған министр «Баршаға арналған тегін техникалық және кәсіптік білім» жобасы шеңберінде 199 мың адам оқитынын жеткізді. Соңғы 3 жылда білім ордаларына 3,7 млрд теңгеге құрал-жабдық сатып алынған. Бүгінгі күні елімізде 821 колледж бар. Мемлекеттік колледждердің 71 пайызы техникалық маман, ал жеке колледждердің 67 пайызы гуманитарлық-экономикалық бағытта маман даярлайды.

Қазіргі еңбек нарығы бәсекенің көркін қыздырып тұр. Сондықтан жұмысқа орналасу оп-оңай деп ойлап қалмаңыз. Сирек кездесетін мамандықтың өзіне таласатындар бар. Ендігі жерде мамандығын барынша жақсы меңгерген жастардың ғана жолы болмақшы. Колледждердің келешегіне барынша мән берудің де сыры осында. Оларды сенімді басқаруға беру туралы бастама да осыдан шығып отырғандай. Демек, еңбек нарығын біліктілігі жоғары кадрлармен қамтамасыз ету бойынша тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін колледждерді сенімді басқаруға беру тиімді болғалы тұр.

Осы төніректе пікір білдірген еліміздің бас ұстазы: «Жұмыс берушілерді кадрлар даярлауға тарту үшін бизнес үшін несие және салық мәселелерін жеңілдету арқылы жағдайлар тудыру қажет. Сонымен қатар мамандарды еңбек нарығының шынайы қажеттіліктеріне сай даярлау керек. Бүгінде жұмыс берушілер

арнаулы киім мен материал шығынын өтеуге жұмсалады. Дуалды оқыту барысында тәжірибе ұзақтығы 720 сағатты құрайды. Бұл әр студентке шаққанда жылына 74160 теңгеден келеді», — деді.

Биыл жыл соңына дейін еңбек нарығында кадрларға қажеттілік мәселесін шешу үшін Еңбек ресурстарын



СЕНІМДІ БАСҚАРУҒА БЕРІЛЕДІ

маман даярлау сапасына риза емес. Өйткені, оқушылардың 19,8 пайызы ғана дуалды оқу жүйесімен қамтылған. Сол себепті жұмыс берушілерді кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіне қосылуды ұсынамыз», — деді.

Министрдің бастамасына орай Премьер-Министр А.Мәмин: «Ірі компаниялар колледждерді сенімді басқаруға алуы тиіс. Осыған байланысты «Атамекен» ұлттық палатасы білім және ғылыми министрлігімен бірлесе отырып жоба дайындағаны жөн. Кәсіпорындар колледждер базасында орталық құрып, түлектердің жұмысқа орналасуына кепілдік беруі қажет. Әрбір адам өзінің сұранысқа ие мамандық алғанына және кейін жұмысқа орналаса алатынына сенімді болуы тиіс».

Ал өз кезегінде жұмыс берушілер дуалды оқытудың да қиындығын барын айтады. Қысқасы, олар студенттердің қауіпсіздігі мен тәжірибеден өту кезіндегі шығынды, жалпы жауапкершілікті мойындарына алғысы келмейді. Бұл төніректе министр: «Компаниялардың шығынын сағатына шаққанда 103 теңге көлемінде өтеуді қарастырып жатырмыз. Бұл қаражат тәлімгердің еңбегіне,

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Сөз-Жебе

Арыстанбек МҰХАМЕДІҰЛЫ,
мәдениет және спорт министрі:



«Фильмдерді қазақ тіліне аударғанда кейбір кинокерсөтушілер тарапынан қателерге жол беріледі. Мысалы, «Мумбаи отелі: Тайталас» фильмінде осы жағдай кездесті. Көрермендерден түскен шағымдар негізінде аталған фильмнің прокатқа берілген күелігін алып қою туралы шешім қабылдадық. Кинопрокат құқығын иеленушілерге фильмдерді мемлекеттік тілге грамматикалық қатесіз, мағынасын түсінікті етіп, көрермендердің ренішін тудырмайтындай қылып аударуды өтінемін».



Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,
Мәжіліс төрағасы:

«Елімізге жыл сайын 6 мың тоннадан астам сарымай, 22 мың тоннаға жуық ірімшік, жалпы сомасы 45 млрд теңгені құрайтын 6 мың тоннадан астам консерві жеткізіледі. Етті импорттайтынымыз мені таң қалдырады. Бұл өнімдерді біздің өңдеуші зауыттарымыз да өндіре алды емес пе? Біз бұл саланы 76 млрд теңгеге субсидиялаймыз. Ал екінші жағынан өз нарығымызда басқаларға орын беріп, кем дегенде 45 млрд теңге жоғалтып отырмыз».



Сапархан ОМАРОВ, *ауыл шаруашылығы министрі:*

«Етті шетелге шығарып сатсақ, оның бағасы қымбат болса, біздегі өт өндірушілерге ол тиімді. Өйткені өздеріңіз білесіздер, бүгінгі күні ауыл шаруашылығын қаржыландыру мәселесі қиын. Екінші деңгейлі банктердің барлығы ауыл шаруашылығын құлықсыз қаржыландырады. Сондықтан біздің тауар өндірушілер өз өнімдерін шет елге қымбаттау сатып, сол үшін ақшаны алып, өнімін ұлғайтатын болса, біз оны қолдаймыз».

Әлеумет.т⁰



АЖЫРАСУДЫҢ СЕБЕБІ – АҚША

Бір күні әкелі-балалы екеу егін басынан қайтып келе жатады. Жолда олар сынып жатқан ескі тағаны көреді. Әкесі: «Балам, ана тағаны алып ал», — дейді. Баласы: «Ескі таға неге жарайды», — деп, жерге еңкеюден ерінеді. Тағаны әкесі алады. Олар жолда теміршінің ұстаханасына соғады. Әкесі тағаны үш тиынға сатады. Үйіне келе жатып шиіе сатып отырған саудагерге кездеседі. Әкесі шиіе сатып алады. Оны орамалына түйіп, бір-бірден жей бастайды. Арасында бір тал шиені жерге тастайды. Артында келе жатқан бала шиені жерден алып жейді. Әкесі қайталайды. Бала он шақты рет еңкейіп, жерден шиені алып жейді. Үйге жакындағанда әкесі тоқтап: «Балам, көрдің бе, мана тағаны алуға, жерге бір-ақ рет еңкеюге ерініп едің. Енді он шақты рет еңкейіп, жерден мен тастаған шиені теріп алдың. «Еңбектің наны тәтті» деген осы. Аз жұмысқа ерініп, көп жұмысқа тап болдың. Бұдан былай есінде болсын, жалқау болма, еңбегіңмен нан тап, сонда тапқаның адал болады», — дейді.

Қазақтың тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» деп аталатын әңгімесінің желісі осындай болатын. Әңгімеде Ыбырай Алтынсарин әке мен бала арасындағы шағын оқиға арқылы еңбек адамы мен жалқаулық туралы сөз етеді.

Мұны неге айтып отырмыз? Қазір еңбек етпей, тіршілік қылмай, тегін ақша тапқысы келетіндер көп. Мәселен, көпбалалы аналар мен тұрмысы төмен, жалғыздікті әйелдерге берілетін 21 мың теңге үшін ажырасу дерегі жиілеп кеткен. Нақтырақ айтсақ, Шымкентте ажырасуға өтініш беретін отбасылардан аптасына 10-15 арыз түседі екен. Бұл туралы otugar.kz хабарлады. Әлгі ақпаратта Шымкенттегі соттардың ажырасу туралы өтініштің астында қалғаны айтылған. Көпбалалы, айрандай ұйыған отбасылардың шаңырағының шайқалуына осы атаулы әлеуметтік көмек себеп болып отыр.

Әйелдер ғана емес, ер-азаматтар да мемлекеттен көмек алу үшін балаларынан бас тартып жатқан көрінеді. Бұл туралы Шымкент қаласы Еңбекші аудандық сотының судьясы Қайрат Ізбасаров былай депті: «Ажырасуға өтініш беру көбейіп кетті. Әкеліктен бас тарту да аз емес. Аптасына 10-15 арыз түседі. Біз оларға барынша түсіндіру жұмысын жүргіземіз. Олардың басты мақсаты — мемлекет тарапынан беріліп жатқан атаулы әлеуметтік көмекке қол жеткізу. Әкеліктен бас тарту — қайта қалпына келтіруге болмайтын процесс. Соны түсіндіргеннен кейін ғана көбі арызын қайтып алады».

Қалай болғанда да, мемлекеттен берілетін азын-аулақ тиын-тебенді көздегендер неден болса да тайынбайтын түрі бар. Қазақ «Жалқауға жан жуымайды» дейді. Он екі мүшесі сау адамның талпынып, тырбанып ақша таппауы, «ал балық, аузыма сал балық» деп мемлекетке аузын ашып жатуы, шынында, ойландыратын-ақ мәселе. Жөргек ақшамен немесе әйелге берілетін жәрдемақшамен жан бағып отырған ата-аналар ертең баласына қандай ақыл айтар екен? «Бізге ұқсап, көп бала табындар. Мемлекет бағады. Жұмыс істемейсіндер, тып-тыныш жатасындар», — дей ме? Әлде «Еңбек етіндер, брейуге алақан жаймандар», — дей ме? Мемлекет асыраған, мандайы терлеп, алақаны ойылып еңбек етпеген ата-ана ұл-қызына «Бізге ұқсандар!» демейтіні анық енді.

Үкімет өлтірмейді дейтін заман әлдеқашан өткен. Қазір білімге, екі білекке сүйеніп жұмыс істейтін, адал ақша табатын уақыт. Ал Шымкенттегі ата-аналардың ісі қажеттіліктен туған дүние ме, әлде ақша үшін ойдан киноластырылған амал ма? Біздіңше, мұның бәрі қажеттіліктен туған қарекетке жатпаса керек-ті.

Жарас ШӨКЕ



БАҚСЫҒА СЕНЕМІН ДЕП...

Алаяқ бақсыға әлі де сенетіндер бар. Тіпті емші неше түрлі қоспасы бар сұйықтықты іш десе, оған да дайын. Ақтөбелік жігіт өзінің бойындағы жыннан арылғысы келіп, бақсыға жүгінеді.



Ал бақсы оны жертөлеге қамап, белгісіз дәрі ішкізіп, таяқпен ұрады. Мұндай қорлыққа шыдамаған жігіт полицияға жүгініпті. Ақтөбе облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі мәлімдегендей, дәстүрлі емес ем-дом ұсынып, ақсына 3-10 мың теңге алатын емшілер көбейген. Ал жігітке ерекше ем ұсынған бақсы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

ҚАЗАҚСТАН ТҰРҒЫНДАРЫ

2019 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДА:
18 392 960

Ерлер: 8 909 774

Әйелдер: 9 483 186

ҚАЗІРГІ УАҚЫПТА:
18 484 991

Ерлер: 8 955 819

Әйелдер: 9 529 172

Дереккөзі: Статистика комитеті

(Басы 1-бетте)

Мамандардың айтуынша, оқ ту сырттан атылған әрі әр адамның бас сүйегінде екі, кейде үш оқтың ізі бар. Алматы қаласы бойынша сот сараптамасы институты қылмыстық медицина бөлімінің сот-медициналық сарапшылары сүйектердің шіру және сақталуына қарап әрі баллистикалық зерттеу арқылы олардың жер астында кемі жарты ғасырдай жатқанын анықтаған. Бәрінің жас мөлшері — 18 бен 70 аралығында.

Қазақ радиосына берген сұхбат. Мұрат Қырғызбайұлы, ауыл тұрғыны: «Жаңалық ауылы — қуғын-сүргін көрген азаматтардың көп жерленген жері. Әзірше қаншама адамның сүйегі табылғаны нақты емес. Ал есік алдындағы құмды басқа жерге тасу барысында табылған сүйектер бізді ойға қалдырды. Оқ, көзілдірік, темекі мүштіктері, аяқ киім, мәсі көп нәрсені аңғартады. Егер құмды жылжытпағанда, жерді қазбағанда сүйектер белгісіз күйінде қала беретін еді».

1964 жылдан бері осы үйде тұратын Мұрат бала кезінде ақ киімді адамдарды үй ішінен де, сыртынан да жиі көретін болған. Үйдегілерге де сол елес таңсық болмаған. Кішкене кездерінде қорыққандарынан анасының жанына жататын. Түнде балалар сыртқа шыққанда

адамның сүйегін анықтады. Олардың арасында 100-ден астам адамның сүйегі дін аман.

Қазір Жаңалық ауылында он шақты жерде қорым барын білеміз. Енді соларды қамқорлыққа алудың реті келді. Былтыр 27 желтоқсанда тарихи музей ашылды. Келешекте 15 гектар жерде зират орналасады. Өйткені қазақтың басынан өткен қасірет көп. Ашаршылық, ұжымдастыру кезінде өлген адамдар жетерлік. Бұл маңда өте көп адам жерленген».

Халқымызда «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз бар. Сондықтан 31 мамыр — Саяси қуған-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында осындай шара ұйымдастырылды. Жалпы, елімізде 4,5 миллион адам репрессияға ұшыраған. Қазір музейдің бір залы цифрландырылып жатыр. Қор басшылығы шамасы келгенше жазаланған азаматтардың барлығының атын атап, түсін түстеп, қай жерде қалай атылғанын, неге қудаланғанын, берілген жаза түрін нақтылайды. Алдағы күндері он шақты кітаптың тұсауы да кесіледі. Олардың әрқайсысы репрессияның саласына байланысты сыр шертеді. Айтылмай жүрген мәселенің бірін қамтитын «Түркістандық әскери тұтқындар» деген кітап та жұрт қолына тигелі тұр. Онда 1500 қазақтың неміс тұтқынына түсіп, одан аман шығып, қайтып келіп Сталин лагерлерінде өлгені туралы ақиқат айтылады.

ЖҮЗ АЛПЫС СЕГІЗДІҢ ЖҰМБАҒЫ

қорқып қалмас үшін анасы ауыз бөлмеге бос шелек қойып қоятын. Алғашында ештеңе түсінбеген. Кейін елеске де көз үйреніп, қорқыныш саябырсыған. Анасы үнемі құран оқып, шөлпек пісіріп таратып келіпті. Енді сол құпия, тосын оқиғалардың бәрі белгілі болды. Шындықтың беті ашылды. Мың өліп, мың тірілген қазақтың ұрпағы мұның бәрін білуі керек. Олардың атылғанына топырақ сіңген оқтар айғақ бола алады. Бұл тарих үшін керек.

Марқұмдардың сүйегін қайта жер қойнына беру рәсімінде сөз алған репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоғамдық қорының директоры, филология ғылымдарының докторы Ғарифолла Өнес ойын былайша жеткізді: «Бұл біз үшін қаралы әрі тарихи күн. Рақымов көшесіндегі №1 үйден адам сүйектері табылғаны жұрттың жадында болар. Тосын оқиға бәрімізді елең еткізді. Алғашында терең қазылған екі метр аумақта 50-60 адамның сүйегі бар шығар деп ойлағанбыз. Алайда алты ай жүргізілген сот-медициналық сараптама 168



Ал қоғам қайраткері Жұмабек Ашуұлы қызыл империяның кезінде коммунистердің халыққа жасаған қиянатын айтып жеткізу мүмкін еместігін тілге тиек етті. Айталық, 37-39-жылдары Қазақстанда 25 мың адам атылып, 130 мыңдайы қудаланған. Азамат соғысынан бері санағанда қазақ халқы 70 пайызынан айырылған. Ол өз сөзінде: «Отанында тұрып, мұндай қырғынға ұшыраған бірде-бір ұлт жоқ. Мысалы, ашаршылық кезінде украин халқының 15 пайызы ғана қырылған. Біз осыншама халқымыздан айырыла отырып, көп мүмкіндіктерді қолдан шығарып алып отырмыз. Бұл — бізге үлкен сын. Айталық, 37-жылдары қанша адамның, қай жерде атылғаны әлі күнге еш жерде тіркелмеген. Жаңалықта табылған 168 адамның сүйегі кімдікі екені де белгісіз. Дегенмен оларды жер қойнына беру рәсімін өткізгенімізге шүкір. Енді бұл бағыттағы жұмыс жалғаса береді. Біздің тарихымыз енді ашылып келеді. Елімізде қудаланған мыңдаған адамның көмілген белгісіз жері көп. Бірақ әрқайсысы анықтауды қажет етеді. Олардың аты-жөнін, ұрпаққа қалдыратын мұраны анықтау үшін орасан зор жұмыс күтіп тұр», — деді.



АПТАНЫҢ ҰСЫНЫСЫ

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Өкінішке қарай, қуғын-сүргін, жер аудару құрбандарының, лагерь тұтқындарының тағдыры туралы толығырақ білу мүмкін емес. Қазіргі уақытта көптеген құжат Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің басқармасында, ІІМ мұрағатында жатыр. Ғалымдардың аталған құжаттарды белсенді түрде зерттеуіне рұқсат беру керек. Кейбір көршілес мемлекеттерде кеңестік кезеңнің материалдары мен құжаттары жария болды. Ал бізде 80 жылдан астам уақыт бойы ұзақ сақталуына байланысты көптеген архивтік құжаттар қазірдің өзінде оқуға жарамсыз болып қалған. Себебі, сиямен жазылған жазбалардың бірте-бірте өшіріліп, күңгірттенеді. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнін өткізудің бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеп, оны еліміздегі жастар жылымен сабақтастыру қажет. Сонымен қоса, теледидар мен радиодағы бүкіл ойын-сауық контенті шектеліп, кез келген концерттік және өзге де іс-шаралар, көңіл көтеретін орындар белгілі бір талаппен жұмыс істеуі керек».

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Жоқ жерден жау іздегендер



Айдос Жұқанұлының
фейсбуктегі
парақшасынан алынды

КЕНГІР КӨТЕРІЛІСІ



украиндық тұтқындар осы бас көтеруді пайдаланып, Жезқазған руднигі кентіндегі лагерь бөлімшелерімен байланыс орнатады. Кеңес өкіметінің жазалау саясатымен күресті жалғастыруды мақсат тұтады. Талабын қоя бастайды. «Степной лагеріндегі» тұтқындардың ішінде әртүрлі ұлт өкілдері болды. Солардың қатарында 9596 украиндық, 2690 литван болды. Олардың елеулі бөлігі Украина иен Литвадағы ұлттық қозғалыс ереуілдеріне қатысқаны үшін сотталғандар. 18180 адам шпиондықпен, терроризммен, бүлікшілікпен және саяси бандитизммен айналысқан деп айыпталыпты. Олардың қатарында Молдавияның баптистерінен бастап Красноярскінің ескі салтын ұстаушыларына дейінгі әртүрлі діннің өкілдері бар болатын. Сонымен қатар, жапондар, финдер, шешендер де болды. Кенгір көтерілісіне осындағы үш бөлімшесінен 8 мыңдай тұтқын қатысты. Лагерь әкімшілігінің тәртіп орнатпақ болған әрекетіне тұтқындар жаппай қарсылық көрсетеді. Жағдайды бұзақылыққа қарай ұшықтырмай, өз талабын қою ниетімен Кеңес Армиясының подполковнигі болған, осы кезде босап шығуға жақын қалған К.Кузнецов көтеріліс тізгінін өз қолына алады. Сонымен қатар Э.Слученков, Г.Келлер, М.Шиманская, А.Михайлович басқарып «лагерь комиссиясын» құрады. Олар тұтқындар жиналысында қабылданған кесімді талабын ІІМ Степлаг басқармасының бастығына жолдайды. Мәскеуден комиссия келуін сұрайды. Комиссия келгенше жұмысқа шықпауға, лагерь әкімшілігін өздері тұратын аймаққа жібермеуге шешім қабылдайды. Көтерілісшілер штабы КОКП Орталық Комитетіне дейін жіберген шағымында

лагерь әкімшілігінің бетімен кетіп, тұтқындарды қорлайтындығы айтылады. Күніне 10 сағат адам төзгісіз жағдайда жұмыс істейтіндігі, тұрмыс жағдайы мен тамақтың өте нашарлығы туралы ашына жазады. Қит етсе жазалайтынын, қару қолданатынын жеткізеді.

Жезқазғанда орналасқан «Степлагтың» бірінші бөлімшесі алғашқы кеніштерден ауыр жағдайда кен қазуға жұмылдырылды. Сондай-ақ Степлагтың Рудникте, Кенгірде бөлімшелері орналасты. Кенді құрғақ жағдайда, шаң-тозанның қалың ортасында бұрғылаған тұтқындар ауыр жұмыста силикоз бен туберкулез ауруына тез шалдығатын. Ауырған жағдайда оларды Спасскідегі жарамсыздардың лагеріне жөнелтуші еді. Топырлап өліп жатқандарда есеп жоқ. Тұтқындардың жартысынан астамы 15-25 жылға сотталғандар болатын. Осы мерзімін қысқарту жөнінде, туысқандарымен кездесуге рұқсат беру туралы талап та болды.

Алайда, бұлардың талабы орындалмады. Оларды жұмысқа шығуға үгіттеуден де ештеңе шықпады. Жағдай ушыға түсті.

Көтеріліске қатысушылармен

арадағы келіссөз еш нәтиже бермеген соң, арада 40 күн өткенде ішкі істер министрі, генерал С.Кругловтың бұйрығы бойынша ішкі әскердің Оралдағы бірінші танк дивизиясынан бес танк жеткізіліп, түн ішінде лагерьді қоршауға алады. Маусымның 26-сы күні таңғы сағат төрттің кезінде Т-34 танкілері лагерь қабырғаларын бұзып кіреді. Тұтқындар қолдан жасалған граната, пистолет, темір шыбық және тас сияқты жинақтаған қарумен қарсылық көрсетеді. Әскерлер танк зенбірегінен бос оқ жаудырып, ракета атып әп-сәтте күшпен басып тастайды. Жалпы алғанда, көтерілісті басуға 1600 әскери адам, 98 ізшіл ит, 3 өрт машинасы және тосқауылдарды бұзатын 5 танк қатыстырылыпты. Тұтқындар таң алдында танкінің дыбысын естімесін деген жоспармен жақын жердегі теміржолмен

бірнеше паравозды ерсілі-қарсылы жүргізіп қояды.

Таңғы сағат бесте көтеріліс жаншылып, әскери операция аяқталды. Жоғарыға баяндалған деректе көтерілісшілердің қарсылығын басу кезінде олардың қолынан 22 адам босатылып, 37 адамның мәйіті табылған, 61 тұтқын жаракат алып, оның біразы госпитальда көз жұмғанын көрсетеді. Өкіметке белсенді қарсылық көрсеткені үшін деген айыппен 400 адам абақтыға жабылды. 1 мың тұтқын қиырдағы Дальстрой мен Озерный лагерьлеріне жіберіледі. Көтеріліс басшылары тұтқындалып, 7 адам сотта ату жазасына кесілді. Бас көтерудің 41-ші күніндегі бұл қанды қырғында 600-ден аса тұтқын ажал құшты деген дерек айтылады. Сөйтіп, Кеңес одағы лагеріндегі ең ірі бас көтеру деп бағаланған Кенгір көтерілісі осындай үлкен қасіретпен аяқталды.

Бұл бас көтерудің нәтижелі тұсы ГУЛАГ жүйесінің күйреуіне негіз болды. «Степлаг» 1956 жылы жабылғанда бостандыққа шыққанымен басқа жакқа бару құқығы жоқ тұтқындар Жезқазғанда қалды. Осында отбасын құрып, ұрпақ өрбіткені қаншама. Еріксіз еңбекке жегілген олардың қолынан жасалған игілікті іс де аз емес. Әсіресе, жыл сайынғы Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында мысты қаланың өндіріс орындары мен ежелгі көшелеріндегі ғимараттарда лагерде қасірет шеккен тұтқындардың бейнетті еңбегі мен бедерлі қолтаңбалары тұрғандай болып көрінеді бізге.

Амандық РАХҰЛЫ,
Ақпарат саласының үздігі,
Жезқазған қаласы

E-mail: jas_qazaq@mail.ruwww.jasqazaq.kz

NARYQ

Жиһанкез

Алматыдан барған бір топ журналист Цзинянда өткен үлкен жиынға қатысқан соң (ол туралы газетіміздің өткен санында жаздық), әрмен қарай Нинбо мен Ханчжоу күтіп тұрды. Екі шаһар да Ұлы Жібек жолын жаңғыртуға белсенді үлес қосып отыр.

ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫ

Нинбо қаласы Шығыс Қытай теңізіне қиятын Янцзы өзенінің оңтүстігінде қоныс тепкен. Қытайдағы маңызды халықаралық сауда логистикалық торабы саналатын Нинбо-Чжоушан порты осында. Қазір ол әлемнің жүзге жуық еліндегі 560 айлақпен байланыс орнатқан. Бұл арадан Оңтүстік-Шығыс Азияға, Солтүстік және Оңтүстік Америкаға, сондай-ақ Африкаға тауар жөнелтіледі. Жылдық жүк айналымы 1 млрд тоннадан асады. Жаңа Жібек жолының Экономикалық белдеуіне енген елдер мен аймақтардан жеткізілетін жүк порттағы жалпы контейнер айналымының 40 пайызын құрайды. 2018 жылы Нинбо-Чжоушан арқылы 26 млн TEU (20 фут контейнермен есептелетін өлшем бірлігі) жүк өтіпті.



Тен Мин (Бейлун)



Zhiliang Daily редакциясындағы кездесу

Таня «сіздердегі Арбат секілді» деп қысқа қайырды. Біздің жеті күнге созылған қым-қуыт сапарымызда ең бір асықпай аралаған жеріміз осы Хэфан. Ұзыннан-ұзақ созылған сауда көшесінде бізге тансық тағам мен бұйым көп. Туристер көп жүретін орын болғандықтан ба, баға тым арзан емес. Дегенмен саудалассан, әжептәуір түсіреді. Бірақ тіл білмеген соң қиналасын. Қытай жұрты тегіс ағылшынша сөйлейді деген сөз шындыққа жанаспайтын секілді. Содан саудагер өз тілінде, біз өз тілімізде сөйлеуге көштік. Тауарын сатқысы келетін адам да, сатып алушы да жол тапқыш. Аралағы «аудармашы» кәдімгі калькулятор. Бір жағынан, «қытайдың тауары өзімізде де толып тұрған жоқ па» деп алыстан дорба аркалауға ерінгеніміз тағы бар. Ең дұрысы шай алу. Ханчжоуда өсірілетін Лунцзин шайының емдік қасиеті бар деседі. Оның жапырағын өңдеу тәсілі ұлттық құндылық саналады. Аңызға сенсек, Лунцзин шайын ішкеннен кейін Цянлун императордың анасы ауыр сырқаттан айығыпты. Оның рас-өтірігін кім білсін, ыстықта шөлді басатын қасиеті бар екені рас.

Айтпақшы, Ханчжоуға келгенде көне қалашық Анчанға бас сұққан едік. Бұл солтүстік Сун династиясы кезінде тұрғызылып, талай қырғынды бастан кешірген мекен. Мин және Цин династиясы билеген заманда қайтадан қалпына келтірілген. Ұзындығы 1747

да еліміздегі БАҚ-пен байланыс орнатып, өзара ақпарат алмасуды қалайды.

BIG DATA ҚАНАТ ЖАЙЫП КЕЛЕДІ

Біздің соңғы кездесуіміз Бейжіндегі JUSFOUN Big Data компаниясында болды. Big Data, қазақша айтсақ, үлкен көрсеткіш туралы естігеніміз болмаса, тереңдеп көрмеген едік. Мемлекеттік компанияның бас атқарушы директоры Джекоб Лайдін өз ісіне берілген жан екені сөзінен байқалып тұрды. Оның әңгімесінен түсінгеніміз мынау: компания жасанды ақыл-ойды пайдаланып, барлық провинциялардағы қандай да бір жобаға талдау жүргізеді, есеп-қисабын жасайды. Орасан мағлұматты пайдаланатын «білім экономикасы» жобасы 500-ге жуық компания мен бірлескен кәсіпорындардың басын қосады. Оның жалпы инвестициялық әлеуеті 1 млрд долларды құрайды.

Компания Бейжің, Шанхай, Гуанчжоу сияқты қалалардағы технологиялық дамудың жоғары деңгейін есепке алады. Әйтсе де, басты міндеті — провинциялардағы экономиканы әлемдік деңгейге көтеру. Бұл үшін JUSFOUN Big Data аймақтағы жобаларға 2 млрд юань жұмсамақ.

Бізбен болған әңгімеде Джекоб Лай кейбір провинциядағы басшылардың «үлкен көрсеткішке» онша сенбей тартыншақтайтынына қынжылыс білдірді. Big Data пайдасына қатысты бір мысал келтірді. Чунсин қаласында шошқа өсіретін кешен

АЛЫП ЕЛДІҢ БІР БӨЛШЕГІ

Міне, біз ежелден бері Жібек жолының бір тармағы саналатын, атағы жер жарған Нинбо-Чжоушан портына келе жатырмыз. Өзін Тания деп атауды өтіпген жолбастаушы қыз «Мына жолмен контейнер тасымалданады. Сондықтан кедір-бұдыры көп» деп кешірім сұрап қояды. Бізге салса, жол тақтағандай тегіс.

Әлбетте, айлақты айғымызбен аралаған жоқпыз. Порт кеңсесі орналасқан ғимаратты місе тұттық. Бұл ең алдымен қауіпсіздікпен байланысты болса керек. Нинбо-Чжоушан порты үш бөліктен тұрады. Соның бірі — Бейлун. Бейлунге Ханчжоу мен Шанхайдан жүкті жеткізетін теміржол тармағы жалғанған. Кеңсенің ең жоғарғы қабатынан сол Бейлундегі контейнер терминалына тамсана көз тастаймыз. Биіктен қарағанда ойыншық қорап секілді қатар-қатар тізілген контейнерде есеп жоқ. Өткен, тіл кедергісі осындайда білінеді. Жолбастаушы Тания кенсе бастығы Тен Миннің сөзін шама-шарқынша аударып жатыр. Естіген құлаққа көп жәйт айтылғандай. Ал түйіндеген кезде шолақ болып қалды. Дегенмен осы аз-маз деректің өзі Бейлун портындағы жұмыс ауқымының зор екенін аңғартты.

Әр контейнердің салмағы 40 тонна десе, біреуінен түсетін пайда 10 доллар шамасында. Бір контейнерге жұмсалатын еңбекті ақшаға шаққанда 300 юаньнан аспайды. Күніне он мың тонна жүк тиеледі. Үш ауысыммен 1800 адам жұмыс істейді. Осы арадан АҚШ, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азияға, барлығы 35 бағытта халық тұтынатын тауарлар үздіксіз жөнелтіледі.

«ЖІБЕК ҮЙІ»

Кезінде Марко Поло «Қытайдағы ең ұлы, ең ірі, ең бай шаһар» деп

ілген жібек киімді көзбен көреді. Мұнда Ұлы Жібек жолы бойындағы археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған еңбек құралдары мен түрлі жәдігерлер қойылған. Жұмысын 1992 жылы бастаған ұлттық мұражайда б.д.д. 3 мың жыл бұрынғы көне жібекпен бірге, бүгінгі заманда шығарылған жаңа маталар да қойылған. Тоқыма және бояу залында жібекті өндіру кезеңдерімен танысып, көне құралдарды қолмен ұстап көрдік.

Бізді Жібек мұражайымен таныстырудың өз зандылығы бар. Қытай басшысы Си Цзинпиннің «Бір белдеу, бір жол» бастамасы байырғы Жібек жолын жаңғыртуды көздейді. Ал Ұлы Жібек жолының атауы алтынға бергісіз матамен байланысты екені белгілі.

Ханчжоудағы Сиху немесе Батыс көлі де туристер үшін тартымды. Дүниежүзілік ЮНЕСКО мұрасының тізіміне енген көлге

Хэфан көшесі



метрлік каналдың он жанында тұрғын үйлер, сол жағында сауда көшесі. Көнеден қалған тас тақталы көшені қуалап кете берсен, алдынан түрлі тағам, таңсық тауар «менмұдалап» шыға береді, шыға береді...

Каналды бойлап келе жатсан, су бетінде сырғыған шағын қайықты көресін. Содан ба, бұл жерді Венецияға теңейді екен.

АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫМЕН БАЙЛАНЫС

Аспан асты елінде мәдени-тарихи орындар ды аралаумен шектелген жоқпыз. Қалам ұстаған қауымға өзге елдегі әріптестерімен кездесіп, лебіздесу де қызық. Сондай кездесудің бірі Zhiliang Daily Press Group орталығында өтті. Zhiliang Daily газеті 1949 жылы жарық көрген. 9 мамырда 70 жылдығын тойлапты.

Кездесуде редакция алқасының мүшесі Чанг Лианг «2017 жылы біздің журналистер ЭКСПО-ны көріп қайтты. Қазақстан туралы көбірек біліп, көбірек жазғымыз келеді», — деді.

Тыңнан турен салу біздің топқа бұйырған сияқты. Өйткені бұрын-соңды олар біздегі БАҚ өкілдерімен кездеспепті. Шетелдегі әріптестеріміздің жұмыс тәсілі бізді де қызықтырды. Бастапқыда «сауалдарыңызға жауап берейік» дегенде сәл-пәл тежелсек те, ақыр соңында «бір сом беріп шырқатып, он сом беріп қойғыза алмайтын» ахуал қалыптасты. Өз кезегімде

Jas qazaq газетінің атынан «Қазір бүкіл әлемде қағаз басылымның дәуірі өтіп барады. Жұрттың көбі интернеттегі баламасына оуес. Сіздердегі жағдай қалай?» деген сауал қойдым. Оған Чанг Лианг мырза былай деп жауап берді: «Меніңше, әр медианың өзіне тән артықшылығы бар. Біз соны пайдалана білуіміз керек. Дегенмен біз де интернет қосымшаға басымдық береміз. Мәселен, жаңалықтар порталына 12 млн адам кіреді. Өйткені қазір жастар газет оқығанша, сайтқа кіріп ақпаратпен жылдам танысқанды жөн көреді. Ал терең талдау, сараптама іздеген адам дәстүрлі басылымды оқиды». Әлемді шарпыған интернет «кеселі» бұларды да айналып өтпепті.

Бейжің қаласында Халықаралық байланыс орталығы (CICC) және CCTV Орыс телеарнасының қызметімен таныстық. Барлығы

құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесі осы саладағы бүкіл мәліметті жинақтау арқылы жасалыпты. Кешенде мол табысқа кенелу үшін соңғы он жылдағы ішкі және сыртқы нарықтағы шошқа егіне сұранысқа талдау жасалған. Соның нәтижесінде сапасы жоғары, бағасы тиімді өніммен қамтамасыз ететін өндіріс жолға қойылған көрінеді.

Қысқасы, компания еліміздегі бизнеспен бірлесіп, жасанды ақыл-ой мен үлкен көрсеткіш саласында ынтымақтастық орнатуға әзір. Осы салаға қажетті мамандарды даярлап, зерттеу орталығы немесе институты, сондай-ақ жоғары оқу орындарымен серіктестік орнатқысы келеді.

Бір аптаға созылған сапар кестесі тым тығыз болды. Жазбамызда көрген-білгеннің бәрін қамти алмадық. Конфуцийдің отаны Цюйфу қаласы мен Бейжіндегі Гутун музейін кейін жазармыз деп шегеріп қойдық. Қытайдың шетелмен достығы халықтық қоғамының қызметіне де арнайы тоқталуға болар еді. Негізі біздің сапарымыз осы қоғамдағы кездесуден басталды. 1954 жылы құрылған ұйым халықтар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуды көздейді. Сондықтан алғашқы жүздесудің Достық үйінде өтуінің ерекше мәні бар. Өйткені «Бір белдеу, бір жол» секілді ірі жобаны жүзеге асыру үшін ең алдымен достық қарым-қатынас керек.



Гүлнар АХМЕТОВА,
Алматы — Нинбо — Ханчжоу —
Бейжің — Алматы
(Суреттерді түсірген автор)

P.S. Осы сапарды ұйымдастыруға ұйтық болған Қытай Бас консулдығына алғысымыз зор. Бізбен бірге сапар тауқыметін бірге көтерісіп, аударма жасаған жолбастаушы қыз-жігіттерге де ризашылығымыз шексіз.



Жібек мұражайы



қатысты бірнеше аңыз айтылады. Дені махаббат туралы. Соның бірі — «Көбелек ғашықтар». Бір-біріне қосыла алмаған екі жас жарық дүниемен қосхасып, көбелекке айналады. Батыстағылар бұл аңызды Шекспирдің «Ромео мен Джульеттасына» ұқсатса, біздің есімізге «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» жыры түседі. Сонымен бірге Сиху көліне бағзы замандағы қытай аруы Си Шиннің есімі де телінеді. Оның сұлу болғаны сонша, көлдегі балықтар соқыр болып қалған дейтін тәміл айтылады. Ханчжоуда атакты Хэфан көшесі бар. Жолбастаушымыз

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

(Басы 1-бетте)

Еліміздің оңтүстік өңірінде өткен ғасырдың 20-30-жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың ашық баспасөз және мұрағат материалдары бойынша жасалған сараптамаға сәйкес, тұтқындалған кездегі әлеуметтік жағдайына байланысты қуғын-сүргінге ұшырағандардың басым көпшілігін мемлекеттік қызметкерлер мен ғылыми-техникалық және гуманитарлық интеллигенция өкілдері құраған. Сотталғандардың сапында қатардағы колхозшылар мен жұмысшылардың да саны аз болмаған. Тіпті бұл тізімде «қуғын-сүргінге көбірек ұшырауы тиіс» көрінетін жекеменшік шаруалар мен жеке кәсіпкерлердің жалпы саны 150 адам шамасында болса, ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға және елді индустрияландыруға тікелей қатысқан колхозшылар мен жұмысшылардың саны 700-ге жуықтайды.

феодалдарды кәмпескелеу мен жер аудару туралы қаулыны жүзеге асыруы болды. Осы мәселе бойынша декреттің жобасы 6-шы рет шакырылған Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ Халық комиссарлар кеңесінің 1928 жылдың 27 тамызындағы біріккен мәжілісінде Нұрмақовтың баяндамасы бойынша қарастырылған еді. Декретке сәйкес кәмпескеленген малдарды бөлу «...аты жоқты атпен қамтамасыз етіп, сиыры жоққа сиыр беріп (*түйесі жоққа да солай*), ал ұсақ малға келсек, жеке шаруашылыққа 10 қойдан үлестіру дұрыс (*ірі қара мал алмағандарға*) деп есептелді. Іс жүзінде олай болмағаны кәмпескелеуден

Гриневичтің жазасын 3 жылға дейін төмендетеді. Құжаттарда аталған азаматтардан басқа, 1932 жылдың «7 тамыз заңы» бойынша Оспан Ысқаков, Дәулет Көшеров, Аязбек Байбеков, Алуа Мырзақұлова, Саймұратов, Тілегенов, Исмаилов, Көшенов, Райсов, Шубашев, Досжаев, Камұрзаков, Есдәулетов, Дәрменқұлов, Сәлима Хасенова (*тектері құжаттарда осылай жазылған*) және басқалары да сотталғаны туралы мәлімет бар.

Сонымен қатар қуғын-сүргін нәубеті кезеңінде «отқа да күймейтін, суға да түспейтін» «ерекше» қызметкерлердің де болғаны анық. Соның бірі — Лев Моисеевич Хайкин «Қосшы» одағының Әулиеата бөлімінің меңгерушісі. Еврей. Әрине, халықпен, соның ішінде қазақы ауыл халқымен жұмыс істеуге еврейдің тандалуы ол кезде кездейсоқ емес. Тек большевиктердің туын көтеріп жүрген

ЖАЛААЛЫ ЖЫЛДАР



Бұл арқылы оңтүстік өңірде жүргізілген саяси қуғын-сүргіннің, оның бірінші басшыларынан бастап төменгі деңгейдегі басқа да қадрларға қолданылғанын байқауға болады. Олай болса, «репрессиялық қауіптің» қатарына тек мемлекеттік қызметкерлермен қатар, олардың тобын мал және егін шаруашылығындағылардың, мақташылардың және басқа да көптеген әлеуметтік саладағы мамандардың да толықтырғанын айта аламыз.

Қызыл империяның құрсауына ілігіп, жапа шеккендердің алғашқы қатарында дін қызметкерлері де болды...

Нақты мысал келтіре кетсек. Онда Сырдария округі Әулиеата ауданының шаруасы БК(б)П мүшелігіне кандидат, 1903 жылы туылған Жамбыловтың (*құжатта аты жазылмаған*) мәселесін қараған партиялық тазалау комиссиясы мәжілісіндегі сұрақ-жауапқа мән бере отырып, мынадай жағдайларды аңғарамыз.

Біріншіден, Аллаға сенетіндігі. Үшіншіден, Әулиеата қаласының базарында сауда жасайтын діншіл әкесімен қарым-қатынасын үзбегені. Төртіншіден, 18 жасар қалыңдығын мекеменің атымен (*жылқысымен*) алып келгендігі. Бесіншіден, атқарған жұмыстарына тиесілі нан берілмеген кезде (*картішке бойынша*) бүлік шығарғандығы аталған азаматтың партияға мүшелікке үміткер қатарынан шығарылуына алып келеді. Комиссия мүшелері Наумкин, Лихушин, Лозовский және Шоқымбаев жоғарыда көрсетілген жәйттерді Жамбыловқа «кінә» ретінде тағады. Тіпті Шоқымбаев «Мен Жамбыловтың қазір де мешітке баратынын, бес уақыт намазын үзбейтінін біліп те, көріп те жүрмін, бірақ бұл туралы ол партияға шындықты айтқысы келмейді», — деп өзеурейді.

Бүгінгі күннің көзқарасымен таразыласақ, Жамбыловтың тірліктерінде қуғын-сүргінге ұшырай бастауы осы тұс болатын. Аталған жылдары тек оңтүстік өңірде 48 молда мен 9 дін қызметкері қуғын-сүргінге ұшырап, кейіннен баршасы дерлік атылады. Солардың қатарында — Ғаниқожа Әбдіжәмілов, Жақып Ақназаров, Бабақұл Алтабаев, Ақмұрат Аманов, Жұман Әбдиев, Нарымбек Әзімбаев сынды хак жолынан таймай қаза болған бабаларымызды айта аламыз.

Халықты қасіретке ұшыратқан келесі бір науқан ірі байлар шаруашылығы мен жартылай —

кейінгі Қазақстанды жайлаған алапат аштық арқылы көрініс тапқан еді. Мәселен, Әулиеата ауданында 1929 жылы 1,5 миллион бас қой болса, 1934 жылы оның 7 мыңы ғана қалған.

1932 жылғы аштықтың немесе басқа да себептерге байланысты болар, кеңестік репрессиялық аппарат 1932 жылдың «7 тамыз заңын» күшіне енгізді. Халық арасында «бір түйір дәнді алғаны үшін сотталу» ретінде белгілі осы «7 тамыз заңы» бойынша мемлекет мүлкіне қандай бір мөлшерде қол сұққандығы үшін 10 жылға немесе одан да көп мерзімге бас бостандығынан айыратын. Мұрағат құжаттарында осындай «ұр да жық» саясат құрбандарының қалай «сотталғаны» туралы мәлімет көп. Соның біріне мән берсек.

Қыр қазағы Хамит Бекболатов Ақыртөбедегі интернатқа шаруашылық жөніндегі меңгеруші болып (*завхоз*) жұмысқа кіреді. Хамит жұмысқа кіре салысымен жүргізілген тексеру интернаттағы көп былықтың бетін ашады. Әйтсе де, осыған дейін интернаттың майы мен шайын ішіп-жеп, көйлек-көншегін керегіне жаратып, тіпті қазақ балаларына сойып бердік деп, шошқа сатып, мұртын майлаған интернаттың директоры Дуванов пен оның оқу ісі жөніндегі орынбасары Хусаинов (*еврей не сарт болар*) аман қалып, Хамит Бекболатов 10 жылға бас бостандығынан айырылды. Мал-мүлкі кәмпескеленеді. Бұл жерде санкцияны аудан прокуроры Сенников берсе, үкімді аудандық сот Аверкий шығарғанын айта кету керек. Дегенмен кеңестік «халық сотының» Михаил Гриневич сияқты қылмыскерлерге құлқы бөлек сияқты. Оны Полокович есімді жанашырының кепілдікке босатып алуы өз алдына, тіпті кейін кассациялық өтініш арқылы қаралған Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының 1-ші сот алқасы (*төрағасы Мұхамеджанов мүшелері Есенов пен Владимиров*)

уездік басшы қызметкердің (*айлық жалақысы 154 сом 80 тиын*) 1925 жылға дейін партия қатарына өтпей, оның себебін «кездейсоқтық, әзірге кепілдік беретін ешкім болмай тұр», — деуі айрықтай көрінеді. Хайкин өзінің кеңес үкіметіне көзқарасы дұрыс екендігін, сонымен қатар еңбекшілер мен езілген халықты қорғау жолында жан аямайтындығын жазалды. 37 жасында мақта фирмасында приказчик болып жұмыс істеген. Кеңес үкіметі аппараты қызметкерінің бұл шыны ма, жоқ па? Хайкин әртүрлі сындардан сүрінбей өтіп отырған.

Дәл осы «Қосшы» одағында басшылық қызмет атқарған Жүзбай ағамыздың өмірбаяны басқаша өріліпті. Ж.Мыңбаев — 1896 жылы Әулиеата уезі Қарабақыр болысында дүниеге келген. Кеңестік билікті халыққа төндік әпереді деп түсінген Жүзбай ағамыз жастардың «Бұқара» революциялық одағының мүшесі ретінде тұрғылықты халықтың арасында большевиктер саясатының он тұсын түсіндіру жұмысын жүргізеді. Осындай белсенділігімен танылған Ж.Мыңбаевты кеңестер билігі әртүрлі мемлекеттік органдарға қызметке тартады. Өзіне тапсырылған жұмысты тиянақты атқарған Жүзбай Мыңбаев әсіресе, 1917-1918 жылдардағы ашаршылықтың зардаптарын жеңілдету бағытында шаршамай, шалдықпай еңбек етеді. Аш адамды тамақтандыру орталықтарының жұмысын жиі-жиі тексеріп, нәтижесін сол кездегі Әулиеата депутаттар кеңесі атқару комитетінің төрағасы Тұрар Рысқұловқа жеткізіп, тиісінше іс-шара қабылдап, халықтың басына түскен ауырталықты жеңілдету үшін бар күш-жігерін аямайды. Осылай, қажырлы да қайратты еңбегімен көзге түскен Жүзбай ағамызды жергілікті билік Әулиеата уездік «Қосшы» одағы басшылығының құрамына енгізеді.

Мұнан кейінгі кеңестік эксперименттер науқанында Қарабақыр болысында басшылық қызметте жүріп, халықтың қамын жеген Жүзбай Мыңбаев большевиктер билігінің қазақтарды қынадай қырған озбырлығын түсініп, қанқұйлы саясатқа қасқайып қарсы тұрады. Нәтижесінде, 1937 жылғы 8 қыркүйекте «халық жауы» деген жалған ат танылып, осы жылдың 20 қазанында атылады.

Сейдахан БАҚТОРАЗОВ, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент



E-mail: jas_gazaq@mail.ru

www.jasgazaq.kz

Туған жер

Қиялда кезіп аралап бәрін,
Құрандай ұйып жазам аттарын.
Қиырда қалған құйқалы мекен,
Аллаға ғана аманаттадым.

Талапбек ТЫНЫСБЕКҰЛЫ,
ақын

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи құжатқа айналған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «...туған жер-әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды» - деп, туған жердің қасиетіне тоқталған. Ал тағдыры табанын тайдырып, туған жерінен дәм-тұзы таусылған жандардың бар тіршілігін сарқып болып, туған жердің бір уыс топырағын жастанатын бақыт бұйырар ма екен?

Иә, біз топырақтан жаралдық. Топыраққа қайтамыз. Өсімдік атауы топыраққа тамыр тартады. Біздің де тамырымыз топыраққа отырғызылған. Бар адамзат баласын қара жер, қара топырақ көтеріп тұрған жоқ па? Топыраққа қайта оралатынымыз үшін Алла бізді топырақтан жаратты...

«Бұл топырақ бұлыңғыр бір сағыным,
Бұл топырақ махаббатқа көр ғана...». Адам адамды сағынады. Бұл — табиғаттың заңы. Алланың бізге жіберген үлкен махаббаты болса керек. Тағы бір махаббат бар. Ол — туған жерді аңсау, тіпті жақсы көремін деп те айта алмайтын мылқау табиғатты шексіз сую. Өмір есігін ашып, шырылдап жылағанда көзіміздің жасы, кіндігіміздің қаны тамып, өрімдей өміріміз басталған өлкенің тас қорасын, көрінісі көз тартатын әйлік қалалардан артық көріп, алыс жүрсе сағынышымыз құса болып, жартасын жастанып, ақ қарын ақ көрпе қылып жамылып тағдымыз келетіні бар.

БІР УЫС ТОПЫРАҚ

Құс қанаты талатын ұлы даланың құшағы қаншама алып болса да, алақандай туған жердің бір уыс топырағы үшін қанша халық қан төкті? Туған топырағына махаббаты болмаған, туған жерін сүйе алмаған адам басқаны сүйе алуы ақылға сыймайтын сияқты. Өмір теңізден бақыт тауып, арман қармақпен алтын балық аулап, әлемнің қай бұрышында өн салсақ та кеудедегі ет жүрек құлын болып кісінеп, тұлпар болып шауып, туған топыраққа аңсарымыз ауып тұратыны жазылмаған заң. Сондай-ақ адам баласы өз жаратылысында жылқыдан ұқсастық іздеуі, тек



біздің қазақтарға ғана тән қасиет. Жылқы бізбен, біз жылқымен тағдырласпыз. Жылқыда тіл жоқ, Тілі болса бәрін айтар ма еді. Бірақ ол бәрін түсінеді. Тіпті сезінеді, сағына алады. Оның жүрегіндегі бізбен ұқсас туған топырағына деген сезіміне, махаббатына, жершілдігіне қайран қалмай тұрмаймыз! Мұндай қасиетін ешнәрсемен теңестіре де алмаймыз.

Арыға бармай-ақ, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары өр Алтайда болған бір оқиға көп жанның жүрегінен өшкен жоқ. Аса жүйрік елік жиреннің аянышты тағдырын жершілдік демей, не деуімізге болады? Бір емес, екі рет елге қашуы, тектілік емей немене? Жануар екеш жануар да туған топырағына тартып, бір аунап қайтпай көңілі тынбайды. Құлдырадап құлын кезі қалған мекенінің ауасын жұтып, суын ішіп, топырағына аунап, сағынышын басып, шөлін қандырады екен! Туған жер ұғымына бұдан артық таңғажайып мысал болмаса керек-ті!

«Алыста жүрсе, сую де жақсы аңсаумен,
Жақын келсе, құшақтап сүйген тәттірек». Менің алыста қалған туған жерім, саған менің жанымға жету арман! Ал маған, саған жету арман! Екеуміз де бір арман! Біздегі осы бір арманды тоғыстыратын тағдырдың бір торабы бар ма екен?! Бірін-бірі сүйсе де, әкесі қарсы тұрып қосыла алмай кеткен бұрынғы ғашықтар сияқтымыз. Қайран менің туған жерім! Сен, Алатау мен Арқаға бір келіп, суынды ішіп, көбелегінді қуып, өзінде ержеткен, алысқа ақ арманымен ұзатып салған ұл-қыздарынды көріп қайтпадың ба? Жоқ әлде, сен мені, мен сені сағынып, сен жат елдің бауырында, мен саған жетейін деп жете алмаған, мөлдіреген мұнның құшағында екеуміз де өмірден өтер ме екенбіз?! Жанымды қинайтыны — туған жерімнің өзге ұлттың баласына тұрмысқа шыққан қыздай аянышты тағдыры бар. Қуанатыным — ата-бабам армандап кеткен тәуелсіз елдемің! Тәуелсіз елде, тәнім еркіндікте жүргенімен, жүрегім саған байлаулы екен! Қайтейін, құшақтап алып кетуге қиялыма сыйғаныңмен, құшағыма сыймайсың!

Сағынышпен өңі өзгерген атыран,
Жылай ма екен, сарғайдым
деп жасаырақ,
Ей, туған жер, сен келмейсін,
мен барман,
Керек боп тұр бір-ақ уыс
топырақ.
Сағынсам, сені ойлап сүйетін,
Беріп жібер бір-ақ уыс топырақ...

Ержанат БАЙҚАБАЙҰЛЫ,
айтыскер ақын

Мемлекеттік саясатты атқарудың сан түрлі жолы бар. Бірақ оның түпкі мәні халқымызды ынтымақ пен берекеге шақырып, тату-тәтті өмір сүруге бейімдеуге көліп тіреледі. Осы жолда өлкеміздегі өзге ұлт пен этнос өкілдерінің бас қосып, игілікті іс атқарып жатқаны қуантады. Әсіресе, Қазақстан Халқы ассамблеясының жергілікті филиалының орны мен бастамашылдығын ерекше тілге тиек етуге болады. Бұл тұрғыда Жетісу жерінде тағы бір тағылымды шара ұйымдастырылып, ол барша ұлттың жүрегінен жол тапты.

ТАТУЛЫҚТЫ ТУ ЕТТІ

Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының «Жаңғыру мен дамудың негізі — әлеуметтік бірлік» тақырыбындағы XXV сессиясы облыстық ҚХА төрағасы, облыс әкімі Амандық Баталовтың жетекшілігімен Талдықорғандағы І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өтті. Шараға Қазақстан



Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары Жансейіт Түймебаев, татарлардың бүкіләлемдік конгресінің, еліміздің әр киырындағы татар-башқұрт этномәдени бірлестіктерінің мүшелері, облыстық ҚХА құрамындағы түрлі этностық бірлестік өкілдері қатысты.

Облыстық ҚХА сессиясын ашқан Амандық Баталов өңірде тапсырмаларды орындау мақсатында көпбалалы және аз қамтылған отбасыларын қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

— Республикалық бюджеттен бөлінген ауқымды қаржыға қоса, жергілікті бюджеттен 3,4 млрд теңге қарастырылды. Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды қолдаудың әлеуметтік картасы дайындалып, сол бойынша тиянақты жұмыстар атқарылып келеді. Сонымен қатар өңір кәсіпкерлері қатарындағы меценаттар облыстағы көпбалалы 60 отбасыға баспана сатып әперді.

Қазақстан Халқы ассамблеясы белсенділерінің қатары 60 мың адамға жеткен. Құзырлы орын 71 этномәдени бірлестікті, 422 қоғамдық келісім кеңесін, 266 аналар кеңесін және басқа да манызды құрылымдардың басын біріктіріп отыр. Барлық деңгейдегі қоғамдық келісім кеңестері тек өткен жылдың өзінде жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді шешу үшін 1800-ден астам шара ұйымдастырған. Оған қоса, өңірде 68 медиация орталығы белсенді жұмыс істейді. Бұл жетістік биылғы жылы, тіпті ауқымын кеңейте түскен. Осы жылдың 4 айында «Қайырымдылық керуені» акциясының 1093 шарасына 20 мыңнан астам адам қатысып, 130 млн теңгеден астам қайырымдылық көмек көрсетіліпті. Сонымен бірге «Қазақтану» ғылыми-ағартушылық жобасы облыстық ассамблея жұмысының негізгі бағытының бірі болған жастар қанатының «Жаңғыру жолы» жол картасы жүзеге асырылуда.

тамған жер. Бұл шара «Сен осы өңірдің менен кейінгі жарық жұлдызы болуын тиіс» деген ұранмен өтпекші. Сонымен қатар аймақтағы қайырымды жандар мен кәсіпкерлерді ынталандыру үшін «Жомарт жүрек» облыстық байқауын ұйымдастыру да қолға алынуда. «Қазақстанның киелі географиясы» жобасы аясында «Жайнаған Жамбылым» атты фотожинақ басып шығару, «Туған жерге туынды тік!» форумын, «Латын әліпбиі — рухани тұтастық негізі» атты республикалық конференция ұйымдастырылмақшы. Өңірдегі

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТЫНЫСЫ



танымал және жас акындардың байланысын нығайту мақсатында кездесу, ұлттық спортты дамыту ниетінде тегін үйірмелер мен іс-шаралар ұйымдастыру да ойда бар. «Ұлы даланың ұлы есімдері» атауымен «Саналы TALKS» интеллектуалды кештерін, «Қоғамдық лекция» әлеуметтік жобасын, «Жамбыл жауһарлары» атауымен облыстың тарихи-мәдени кешендер мен табиғатын, көрнекті жерін дәріптеу үшін облыстық фотокөрме өткізу де басты мұрат болып тұр.

Шара аясында облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, «Оғни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалим Идигов Қазақстан Халқы ассамблеясының Тұңғыш Президент — Елбасы, Қазақстан Халқы ассамблеясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен өткен XXVII сессияға қатысқаны туралы, сол сессияда берілген тапсырмалардың орындалуы туралы айтты. Қазақстандықтардың мемлекеттік тілді меңгеруінің маныздылығы, этникааралық және конфессияаралық келісімді нығайту мақсатында өңірде атқарылған шаралар туралы тілге тиек етті. Сондай-ақ жарыссөзге қатысушылар бейбітшілікті сақтау, бірлік пен келісімді нығайтудың маныздылығына да тоқталды. Айталық, XXVII сессия делегаты, журналист, көпбалалы ана Әлия Әпсөметова аналар кеңесінің атынан сөйлеп, сессияға қатысқандағы әсерімен бөлісті. Елбасының көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдау шараларына алғыс айтты. Ол өз сөзінде отбасындағы бала тәрбиесінің рөліне тоқталып, «Балалар үйінсіз Жетісу» жобасына қолдау

білдірді. Облыстық ҚХА мүшесі Дамир Дигай І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті базасында ашылған стартап-академия инновациялық жобасы мен оның жетістіктері туралы әңгімеледі. Сол сияқты биотехнология мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу институтының жұмысы, сондай-ақ университеттегі ғылыми жетістіктердің тәжірибеге енгізілуі туралы баяндады. Жастарды туған жерге деген патриоттық бағытта тәрбиелеудің маңызы жайында Ұшарал шекара отрядының кавалериялық бөлімінің командирі Исмагиль Атчабаров айттып өтті. Ал достық, бірлік пен келісімді нығайтудағы журналистік қызметіндегі тәжірибесімен және естеліктерімен Qazaqstan телеарнасының меншікті тілшісі Қуаныш Серікқанов бөлісті.

Облыстағы Қоғамдық келісім кеңесінің жұмысы туралы орыс этномәдени орталығы төрағасының орынбасары Лариса Котельникова да пікір бөлісті.

Жарыссөз аяқталған соң Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, Президент әкімшілігінің Қазақстан Халқы ассамблеясының меңгерушісі Жансейіт Түймебаев сөз алып, жемісті жұмыстар төңірегінде ой бөлісті.

— Биылғы жылдың қантар-сәуір айларында Алматы облысында барлық көрсеткіштер бойынша өсімге қол жеткізілді. Өңірдегі Қоғамдық келісім кеңестері мен аналар кеңесінің оң тәжірибелері бүкіл еліміз бойынша таратылды. Облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы мүшелерінің «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді қатысқанын да атап өткім келеді, — деді ол.

Осыдан кейін ассамблея жұмысының бұдан былайғы бағытына тоқталып өтті. Ассамблеяның басым бағыты және басты міндеті Елбасы

саясатын жалғастыра отырып, ұлттық бірлікті, бейбітшілік пен келісімді нығайту екенін айтты.

Бұдан әрі сессия жұмысында облыстық ҚХА төрағасының екі жаңа қоғамдық орынбасарларының кандидатуралары талқыланып, ұсынылды. Бұл лауазымдарға облыстық ҚХА мүшесі, «Универсал» ЖШС бас директоры Закиржан Кузиев пен «Туған тіл» облыстық татар этномәдени орталығының төрағасы, «Шымыр» ЖШС бас директоры Руслан Валишанов бекітілді. Облыс әкімі бүгінге дейін осы міндетті абыроймен атқарған Атсалим Идигов пен Сакида Чатуеваға алғысын білдірді.

Сессия жұмысын қорытындылаған Амандық Баталов облыстық ассамблея хатшылығының, Достық үйінің, облыстық ішкі саясат, тілдерді дамыту, білім, ауыл шаруашылығы, жастар саясаты мәселелері, дін істер жөніндегі басқармалардың алдына бірқатар міндеттер қойды. Сондай-ақ облыстық ассамблеяның 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасын жүзеге асыруды күшейту, «Мәміле — қазақ тілі» жобасы бойынша түрлі этнос өкіліне мемлекеттік тілді үйрету курстарын ұйымдастыру, жастардың

барлық санатын қолдау мен әлеуметтік лифтінің кең платформасын құру бағытындағы «Жаңғыру жолы» қозғалысының жол картасын жүзеге асыруды жалғастыру тапсырылды.

Шара аясында Қазақстан Халқы ассамблеясының белсенді мүшелері марапатталып, оларға Алғыс хат, облыс әкімінің Құрмет грамотасы тапсырылды. Сол қатарда Қазақ мәдениеті мен дәстүрі орталығының төрағасы, №1 Абай атындағы мектеп-гимназияның директоры Самғат Долаев, Текелі қалалық татар-башқұрт этномәдени орталығының төрайымы Томирис Жылқыбаева, Талдықорған қалалық «Эллада» грек этномәдени орталығының төрайымы Галина Рутахиди, «Ачимноуль» корей халықтық би ансамблінің төрайымы Галина Нам, Панфилов аудандық ұйғыр этномәдени бірлестігі аналар кеңесінің төрайымы Ұрият Семятова бар. Ал облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының белсендісі, Іле ауданының педагогы Валентина Талиюске есімі жазылған қол сағат берілсе, «Мейірім» төс белгісі облыс әкімі Амандық Баталовқа тағылды.

Жиын соңында облыс әкімі алда атқарылар міндеттерді пысықтап, басқарма басшыларына



бірқатар тапсырма берді, сессия қарары қабылданды.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

Бүгінгі күні «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қоғам дамуының идеологиялық платформасына айналды. Аталған бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында өңірде 2017-2018 жылдары жалпы көлемі 2,5 миллиард теңге қаржы бөлініп, 230 жоба жүзеге асырылған. Қазіргі таңда, облыс аумағында тұрақты түрде мониторинг жүргізу қолға алынған. Бұл тұрғыда аймақтағы «Рухани жаңғыру» жобалық офисі» КММ басшысы Серікбол Берікқожа: «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» базалық бағыты бойынша еліміздің киелі жерлері картасының тізіміне облыстан 35 тарихи-мәдени нысан, оның ішінде 8 жалпыұлттық нысан, 27 нысан өңірлік деңгейде енгізілді. Барлық 35 нысанның GPS координаттары жасалып, нысандарға қолжетімділік толықтай қамтамасыз етілген. Бұл нысандар Тараз қаласының 44 туристік мекемесі маршрутына енгізіліп, еліміз бен алыс-жақын шетелден келген туристерге таныстырылуда», — дейді.

Киелі жерлердің картасына енген 8 жалпыұлттық нысандардың тарихы туралы арнайы деректі фильмдер түсіріліп, көпшілік назарына ұсынылған. Бұлар әлеуметтік желілерде де қолжетімді. Қазір облыс әкімдігінің туризм басқармасымен бірлесе отырып, арнайы іс-шаралар ұйымдастыру тұрақты түрде қолға алынуда. Осы орайда «Тараз жеріне тағзым» атты жас туристер фестивалі ұйымдастырылып, Тараз қаласының және жақын орналасқан аудандардың тарихи-мәдени нысандары мен көрікті жерлеріне экскурсия жасалды. Шараға Алматы, Түркістан және жергілікті орта мектептер мен колледждерден 500-ден аса оқушы қатысты. Ал «Тараз — өткенмен болашақтың түйіскен қаласы» тарихи-өлкетану конференциясы сықырға толы «Ақыртас» сарай кешенінде өтті.

Сондай-ақ Жуалы ауданындағы Берікқара шатқалында «Қызғалдақ — Жамбыл облысының табиғи мұрасы» тақырыбында өткен ғылыми-тәжірибелік конференциясы отаншылық рухты оятуға түрткі болды. Жастар жабайы қызғалдақтың 40-тан астам түрі өсетінін, олардың 20-сы Жамбыл өңірінде гүлдейтінін, 2007 жылы 12 түрі Қызыл кітапқа енгенін, оның ішінде қызғалдақтар бар екенін танып, білді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында алдағы уақытта қолға алынатын негізгі жобаның бірі — «Әулиеата үміті» сыйлығын ұйымдастыру. Оның мақсаты — жас таланттардың еңбегін бағалау, ынталандыру. Жамбыл — даңқты адамдар мен талантты тұлғалардың кіндік қаны

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы қоғамның барлық саласын қамтиды. Оның әрбір бағыты — бір саланы дамытуға, жетілдіруге және қоғамдық сананы өзгерту мен сананың ашықтығын қалыптастыруға бағытталған. Аймақта жоспар аясында жүзеге асырылатын іс-шараларға облыстық бюджеттен 304,3 миллион теңге қаражат қарастырылған. Сондай-ақ жоспардан тыс іс шаралар да тұрақты түрде өткізіліп жүр.

Осы төңіректе ой қозғаған Серікбол Берікқожа: «Бағдарламаның «Туған жер»

1 мешіт, 3 балабақша, 2 спорт алаңы мен 7 инфоқұрылым жөндеуден өтті және 5 әлеуметтік көмек көрсетілді. Жыл соңына дейін жалпы сомасы 1,4 миллиард теңгенің 29 жобасын жүзеге асыру жоспарланған.

«Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі» арнайы жобасы аясында озық өнер мен технология үлгілері негізінде музейлер, өнер және мәдениет орталықтарын қазіргі заманғы талапқа сай жүйеге келтіру де — негізгі жұмыс», — дейді.

Осы бағытта облыс әкімі Асқар Мырзахметовтың бастамасымен «Шахристан» этно-мәдени кешенінде «Өлкетану» музейі, «Көлөнер шеберлер», «Руханият» орталықтарының құрылысы басталмақшы. Ал меценаттарымызды ынталандыру мақсатында былтыр «Жомарт жүрек» республикалық байқауы өткізілді. Облыс байқаудың 4 номинациясын жеңіп алды. Олар — «Жыл меценаты» аталымымен Alga Diamond ЖШС директоры Жанболат Бекмұсаев, «Жыл тұлғасы» аталымымен «Шәушен» шаруа қожалығының басшысы Сайранбай Дөненбаев, «Туған өлке» аталымымен ТИГУ ректоры Ерболат Саурыков, «Ерен еріктілік» аталымымен Айгүл Разакова.

Жуырда облыс әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен «Ерлікке тағзым — ұрпаққа парыз» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өткенін де айта кеткен жөн. Шараға еліміздегі білікті мамандар қатысып, пікір алмасты. Сондай-ақ бағдарламаның «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» арнайы жобасының негізгі мақсаты — еліміздің өркениет тарихының үздіксіз дамуын көрсететін деректі және қысқаметражды фильмдерін өндіріске енгізу. Арнайы жоба аясында жазушылар еңбектерінің негізінде тарихи фильмдер түсіру және шығармашыл жастарды кино әлеміне тарту, үздік сценарий жазуға ынталандыру бағытында жұмыс атқарылуда.

Биыл облыс әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен жастар арасында «Үздік сценарий», «Жалынды жастық шақ» бейнероликтер байқауы, Меркі ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен Меркі, Аспара қалашығы, Меркі 1,2,3,4,10 қорғандары мен Сандық, Қаракыстақ шатқалы, балбал тастардың тарихи-мәдени мұралары туралы деректі фильм түсіру жоспарлануда. Жуалы ауданы әкімдігі Шерхан Мұртаза атамyzдың «Қызыл жебе» романы желісінде Т.Рысқұлов туралы қысқаметражды фильм түсіруге мұрындық болды.

Қысқасы, Жамбыл өңірінде ұлт рухын ояғатын құндылықтар қалпына келтірілуде. Олардың барлығы да аймақ жастарына ғана емес, еліміздің келешек иелері үшін де ортақ қазына болары анық.

Ерман ӘБДИЕВ,
Жамбыл облысы бойынша меншікті тілші

Ұлан-байтақ жерінің кеңдігімен ғана емес, табиғатының алуан түрлілігімен де таң қалдыратын қазақ даласы сирек кездесетін жабайы аң-құстарға аса бай. Сол сиректердің бірі – киіктер. Бұл жануарды қазақ ақбөкен деп те атайды. Оған әйгілі ақын Сәкен Сейфуллиннің «Киікті қазақ және дейді бөкен, Бетпақты байғұс бөкен қылған мекен», – деп жырлағаны дәлел.

Жалпы, түз тағысы ақбөкеннің кешкен тағдыры мен тартқан тауқыметі туралы сөз қозғағанда, тебіренбей жазу мүмкін емес.

Ақбөкендердің жаппай қырылуы елімізде әлденеше рет қайталанған жайт. Мысалы, 1962 жылғы авиасанақ қорытындысы бойынша, қазақ даласындағы киіктердің саны 650 мың басқа жетсе, ал 1971 жылғы санақта 1,3 миллионға

оңтүстіктегі қыс әдеттегіден ұзғарлы, суық, қар қалын түсіп, Жамбыл, Түркістан, Алматы, Батыс Қазақстан облыстарында киіктер жаппай қырылған. Оған қоса, төрт

яки қомағайлықтан өлген деген болжамын ұсынды. Шын мәнінде, сол өлген ақбөкендердің неден қырылғаны бүгінгі күнге дейін нақты анықталған

неміс, ағылшын және орыс ғалымдары қазақ даласында жортқан киікті қырғынға ұшыратқан аурудың себебін анықтауға бірден кірісіп кетті. Қорытындысында, мамандар киіктердің қомағайлық дертине шалдыққанын айтып, өздерінің тексеру жұмысына нүкте қойды. Олардың пайымдауынша, киіктер тойған-тоймағанын білмей қалған, сөйтіп ашкөздікпен көк майсаны шектен тыс көп жеп, бөгіп қалған-мыс. Осындай болжамын ұсынған Ұлыбританиядағы «Киіктерді сақтау альянсының» жетекшісі Миллер Гулланд «киіктер пастереллезден басқа індетке шалдыққан, олар улы майсаны қомағайлана жайылу барысында уланып әлсіреген, содан өлуі мүмкін» – деді.

Оған қарсы пікір білдіргендер де болды: «Киік – туғаннан түз тағысы. Жабайы анның инстинкті далалы жерге жақсы бейімделген, қай жерде қыстап, қандай шөп жеу керектігін жақсы біледі. Сондықтан оның улы шөпті ажырата алмауы мүмкін емес», – дейді мамандар. Олардың дәлелдеуінше, далада, тауда, орманда өсетін улы өсімдіктердің саны, сапасы, қауіптілігі әлдеқашан анықталған. Біздің елімізде жүз мыңдаған жануарды бірден жалп еткізердей көлемде бірде-бір улы шөп өсейілі екен.

Сол екі арада Ресейдің ауыл шаруашылығын бақылау федералдық қызметі бұл апатқа байланысты өте қызық мәлімдеме жасап үлгерді. Олардың болжамынша, киіктердің жаппай ажал құшуына пастереллез де, олардың қомағайлығы да кінәлі емес екен, оған Өзбекстаннан иммиграция жасайтын жануарлардың теріс әсері бар болып шықты. «Ауыл, оба, шешек сынды жұқпалы дерт киіктердің жаппай қырылуына түрткі болуы мүмкін. Ал бұл дерттен ала емес жануарлар Өзбекстан жерінен Қазақстан аумағына мын-мындап қоныс аударады», – деген ресми акпаратта.

Біздіңше, бұлай болжам жасауға ешқандай негіз жоқ. Себебі Өзбекстан мен апат орын алған өңірдің арақашықтығы тым алшақ. Егер өзбек жерінен келген ауру түрі болса, киіктер миграциясы Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарын кесіп өтеді, жергілікті үй жануарларына да өз әсерін тигізуі керек еді. Ондай факті тіркелмеген. Ресейліктердің бұл әрекетіне күле қараған кейбір сарапшылар, Сарыарқада орын алған апат пен «Байқоңыр» аэроғарышының қызметі арасында тікелей байланыс жоқ екенін мензеп, халықтың көңіл-күйін басқа жаққа аудару үшін жасалған «арзан саяси трюк» деп бағалады.

Осылайша, киіктердің жаппай қырылу себебін ешкім нақты анықтай алмады. Ашынған «жұрт бұл қалай?» десті. Сөйтіп, 2015 жылғы апаттан соң халық биліктің болжамдарына (*пастереллез нұсқасына*) тұңғыш рет күдік келтірді, шындықты жариялауды талап етті. Оған себеп жоқ емес еді. Өйткені, киік-қырғын болардан бір күн бұрын ғана «Байқоңыр» аэрокөшенінен аспанға көтерілген «Протон» апатқа ұшыраған болатын. Одан кейінгі төрт-бес күннің ішінде далада ақбөкендер қыналай қырылып қалды. Түсінбестік те осыдан басталды. Қараныз, аспаннан 600 мың тонна өте қауіпті ү көтерген зымыран құлайды, ертеніе киіктер қырылады, оған неге екені пастереллез індеті кінәлі болып шығады. Қысын қайда?!. Жалпы, Қарағанды, Ақмола, Ақтөбе, Қостанай резерваты ақбөкендердің жаппай қырылатын эпиорталығына айналғалы қашан. Бұған не себеп? Апатқа ұшыраған «Протоннан» осыншама көлемде гептил уы шашылуы мүмкін бе? Алайда Аэроғарыш комитеті төрағасының міндетін атқарушы, академик Мейіірбек Молдабеков оның мүмкін еместігін мәлімдеді.

Болат ШАРАХЫМБАЙ,
ақын

(Жалғасы бар)

KÖKEIKESTI

E-mail: jas_gazaq@mail.ru

www.jasgazaq.kz

Өз ойым

Балам үйге сыймай жүр. «Үш ай жазғы қаниқуды қалай өткіземін? Үйде қамалып отыра беремін бе?» – деп мазамды алды. «Үйде отырмай не істейсің?», – деп ұрысамын. Бірақ артынан бетіне қарап отырып жаным ашиды. Қайтсін енді, төрт қабырғаға қамалып отыру бала түгілі, ересектерге де ауыр. Біздің кездегідей ауылда қызықты өмір жоқ қазір. Ертеде жазғы демалысты туыстарға қыдырып, жайлауға барсақ, көк шөпке аунайтын едік. Ауылда болсақ, үй бетін бермей қаңғып кететін едік. Үйден таң ата шығып кетіп, түн жамыла тұмсығымыздан шаншылып оралатынбыз. Қазір қала түгілі, ауылдың өзінде ешкім баласын емін-еркін ешқайда жібермейді. «Машина қағып кетеді, жылан шағып алды, суға батып кетесің, біреу ұрлап кетеді», – деген сияқты қорқынышты баланың санасына сіңіріп тастаған. Содан болар, кешеде бейсауыт жүрген бала көрмейсің.

Баланы кінәлаудан аулақпыз. Өткен аптада Үкімет отырысында депутаттар «Балалардың жазғы демалысын қалай өткіземіз?» деп бас қатырды. Сол жиында сөйлеген шенділердің сөзін тындап отырсаңыз, баланызға бәрі тегін, жазғы демалысы жұмақ сияқты өтуі керек. «Бірнеше мың бала қала ішінде тегін демалады», – деді біреуі. «Бірнеше мың бала қала сыртындағы лагерлерде су тегін асыр салып ойнайды», – деп соқты екіншісі.

БАЛАМНЫҢ БЕТІНЕ ҚАРАЙ АЛМАЙМЫН



«Тағы бірнеше мың бала тау-тас, орман-тоғайда киіз үй, шатыр тігіп жазғы демалысын табиғат аясында өткізеді», – деді.

Әлгі жаңалықты естіген келіншегім: «Мұндай жақсылықтан қалай хабарсыз отырсың? Біз өзі мемлекет жасап жатқан реформалардан қалай сырт қала береміз? Сен журналист емессің бе, неге білмейсің осындайларды?», – деп жағамнан алсын. Ойландым. Шынында мына министр, депутаттар бәрі тегін, бәрі жасалған деп соғып отыр ғой. Сол тегін дүние қайда? Мен неге баламды соған бере алмаймын? Ойсоқты болып отырып, ғаламтордан балалар лагерінің бірнешеуін тауып, қонырау шалып шықтым.

– Министр айтты, сіздер балаларды тегін демалдырады екенсіздер. Міндетті екенсіздер, – дедім Алматы шетінде орналасқан бір лагерьге.

– Министріңізге айтыңыз, тегін болатындай бізге бірдемесін қосып қойып па? – десін бір қыз...

Көгілдір орманды Көкшеге хабарластым. Біреуі күлді, біреуі «Тегінді тапқан екенсін», – деп дүрсе қоя берді.

– Министр айтып жатыр ғой – деймін, мен де қайтпай...

Қысқасы, балама тегін лагерь табылмады. Ал ол үй салып жатқан көршіміздің 40 мың тенгеге сатып әкеліп, үйіп қойған құмынын үстінде асыр-салып ойнап жүр. «Лагерьге барасың» деп қойғанмын. Жұмыстан келсем, алдымнан жүгіріп шығады. Ұялып, бетіне қарай алмаймын. «Әке, лагерьге қашан барамын?», – дейді етегіме оралып. – Барасың, барасың, – деп мінгірлеймін.

Кеше ойлана келіп, келіншегім екеуіміз баламызды ақылы болса да бір лагерьге жіберейік деп шештік.

– Көгілдір Көкшен арман боп қала тұрсын, – деді ол. Содан Алатау бөктерініңдегі бірнеше лагерьмен тілдестік. Өуелде баламызды 20 күнге жіберейік дегенбіз.

Сөйтсек, жиырма күнге әлгі демалыс орнының бағасы 150 мың тенгеге барып, бір-ақ жығылсын.

– Кой, құрысын, 10 күн де жетеді, – дедім мен жылдам шешім қабылдап. Есептеттік. Он күнінің өзін 95 мың тенгеге соғып тұр. Айтпақшы, бұл біз хабарласқан лагерьлердің ең арзаны. Ал қымбаттарының бағасын айттып бастарыңызды ауыртпайын.

Содан не керек, шайлығымыздан аспайтын айлығымызды санай келе баламызды былыша ауылға жіберу туралы шешім қабылдадық. «Бытыр да ауылда болдым», – деп, балам қығылық салды...

Ауылда атасы мен апасы бар. Сол кісілердің су тегін «лагерінде» болып қайтсін дедік.

– Қой бағасын. Тай мінесін. Бұзау қайырасын. Одан артық қандай лагерь керек? – дедік.

Баламыз көнгендей болды. Көнбей қайтсін, басқа тандау жоқ!

Жарас ШӨКЕ

КИІК - ҚЫРҒЫН ҚАЙТАЛАНБАСЫН ДЕЙІК...

аяқты жыртықштардың көбеюі де өз залалын әжептеуір тигізген деседі. Сонымен бірге осы жылдары аң аулау жоспары да жоғары болып, жабайы аңшылар 500 мыңнан аса ақбөкенді атып алған. Дегенмен, өсімтал жануар 1978–1980 жылдары қайта ес жиып, олардың саны 800 мыңға дейін жеткен. Алайда 1981 жылы Торғай облысында ғана 180 мың бас ақбөкен пытырап қалды. Үш жылдан кейін бұл жағдай тағы қайталанған. 1984 жылы Еділ мен Орал құмында – 250 мың, ал 1988 жылы Байқоңырдан зымыран ұшқаннан кейін бірнеше күннің ішінде 434 мың ақбөкен опат болған. Кезінде бұл мәліметтер ресми түрде баспасөзде жарияланды. Айта кететін нәрсе, өкілетті мекемелер осы оқиғаның бәрінде түз тағыларының жаппай қырылуына себеп «пастереллез індеті кінәлі» деген қорытынды шығарған.

Енді Тәуелсіз елімізге қатысты жағдайға келейік. 1993 жылғы санақ нәтижесі бойынша, еліміздегі ақбөкендердің жалпы саны 1,2 миллион басты құраған. Бұл көрсеткіш одан кейінгі жылдары күрт кеміп, 2003 жылы 21 мың 200 басқа дейін азайған. Күлесің бе, жылғысың ба?! Табиғатқа қатысты мұндай қаскөй қылмысты қалай ақтап алуға болады?! Көрдіңіз бе, Тәуелсіздік қазаққа құт болғанымен, киікке жұт әкелген. Өлім себебін анықтау үшін құрылған арнайы комиссия «киіктер пастереллез ауруына шалдыққан» деген қорытындыға келген. Артынша «жок, олай емес екен» деп жалтарған. Бұл қырғын да киіктердің жаппай ажал құшуының соңғы дерегі болмай шықты. Одан кейінгі жылдары да бірнеше өңірде киіктердің жаппай ажал құшуы тіркелді. Мысалы, 2010 жылы мамыр айында 4 күннің ішінде Орал құмында 12 мың бас киік қырылып қалды. Оның

64,2 пайызы аналық, 35,4 пайызы лак, 0,4

Сонан соң не болды дерсіз? Киіктерге қатысты түсініксіз жағдай 2015 жылы көктемде тағы да қайталанды. Бұл жолғы апаттың зардабы өте ауқымды және қайғылы болды. Киіктердің жаппай өлім құшу фактісі әуелі Қостанай облысында тіркелді. Одан кейін Ақтөбе және Ақмола облыстарында киіктердің жаппай қырылуы байқалды. Мамыр айының соңында осы үш облысына қырылған киіктердің саны 120 мың 977 басқа жеткен. Оның үстіне ажал тапқандардың көпшілігі – аналықтар мен лактар. Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми мәліметі бойынша, киіктердің жаппай қырылуы олар төлдейтін мезгілде және жануарлар тұрақты мекендейтін өңірлерде болған. Енді мынаған қараңыз, мамыр айында басталған киіктердің белгісіз себеппен жаппай қырылуы маусым айының басында Ақтөбе облысының Әйтеке би және Ырғыз аудандарында тағы да қайталанды. Бұл аймақтарда 18 мамыр мен 1 маусым аралығында 9 мыңнан астам киік ажал құшса, 3 маусымда бір күнде 10 мың киік мерт болған. Сөйтіп, екі аптаның ішінде қырғын тапқан түз тағысының жалпы саны 130 мыңнан асып түсті.

Сайын дала сұлуларының нендей індетке ұрынғанын анықтау ауыл шаруашылығы министрлігі мен білім және ғылым министрлігіне қарасты Биология институтына жүктелген болатын. Өуелде олардың неден қырылып жатқандығын анықтау мүмкін болмады. Сөйтіп, еліміздің шенділері мен мамандары киіктердің қандай індетке шалдыққандығын анықтай алмай шетелден арнайы мамандар шақыртуға тура келген. Шекара асып келген



дейін өскен. Осының арқасында бұл аң жоспарлы түрде ауланып, 40 жыл бойы мемлекет қазынасына жылына 3 миллиондай АҚШ доллары есебінде табыс түсірген. 1976 жылғы санақта бұл көрсеткіш екі есеге кеміп, 600 мың басты құраған. Мамандар киіктер санының бұлайша күрт қысқарып кетуді 1974–1975 жылдағы құрғақшылықпен байланыстырады. Бұл жылы күннің ыстығынан Сахарадағы шүйгін шөп күйіп, су тапшылығы да байқалған. Сондай-ақ 1975–1976 жылғы

пайызы теке. Өлген киіктердің барлығының да белгілері ұқсас

ЕСТЕЛІК Алматыдағы «Құлагер» ықшамауданында қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың сыныптасы Есімқұл Тоқсанбаевтың тұратынын естіп, қарияны арнайы іздеп бардық. Көненің көзіндей болған атамыз Мұқағалидың мектептегі кезеңін еске алып, ұмытымас естеліктерімен бөлісті.

Мұқағали досым туралы айтар болсам, ол өте зерек бала еді. Мен интернатта жатып оқыдым. Ол ескі әрі шағын ғана там үйінен келіп оқитын. Нағима деген анасы болды. Балалық шақ деген бізде болған жоқ. Ол кезең туралы мақтанышпен айта алмаймын.

Ал әдебиет жағынан алдына жан салдырмайтын. Өленге, жыр-дастанға жастайынан құмар болып өсті. Тіпті сыныптасымның ардақты аналарға арнап жазған: Қайран біздің аналар арды ойлаған, Орақ орып, шөп шауып, арба айдаған, — деген шумақтары есімде қалыпты. Соғыстың зардабы деген ешкімді аяған жоқ. Біз оныншы сыныпты бітіріп, жоғары оқу орнына білім алуға калаға аттандық. Біздің ауылдан үш бала — Мұқағали Мақатаев, Ахмет Салықов және мен. Үшеуіміз үш түрлі салаға құжат тапсырдық. Мұқағали журналистика

факультетіне түскісі келді. Ахмет құжаттарын медицина саласына өткізді.

Мен ауыл шаруашылығын таңдадым. Бірақ тағдыр бізге сол институтты бітіруді жазбапты. Мұқағали бір сөзінде айтатын «Журналистика мені емес, мен журналистиканы оқытам-ау-осы» дейтін. Сондықтан өзі зерек, алғыр еді. Әкесі



Киерге киім, ішерге тамақ табылмайтын кез. Мұқағали бауырмал бала еді. Интернаттың тамағына қарынымыз тоймайды. Сондай күндерде Мұқағали бізді үйіне ертіп барып тамақтандырады. Анасы масақ теретін. Содан қуырылған арпа-бидайды жеу үшін бізді үйіне жиі шақыратын. Сол астың өзі біз үшін береке еді.

Мұқағали әдебиет пәнін сүйіп оқитын. Бірде сол пәннен сабақ беретін Әлімқожа Сабыров ағайды жаңылдырғаны бар. Ұмытпасам, әдебиет пәнінде Мұқағали ағайдан: «Абайды кімге тенеісіз?», «Абай сіз үшін кім?» — деп сұрақтың астына алды. Сонда ұстазымыз: «Ал сен «Абайды неге тенеісің?», — деп өзіне қарсы сұрақ қойды. Сол кезде Мұқағали аркаланып «Абай қазақтың маңдайына біткен гүлама ақыны, жазушысы. Абайды «Гималайға» тенеімін деді. Бұл бір мықты жауап болды. Ұстазымыз риза болды.

Ол кезде кітаптың да аз кезі ғой. Мен әдебиет емес, математика пәнінен жақсы оқыдым. Есепке жүйрікпін. Мұқағали менің артық жағымдағы үстелде отыратын. Есебін шығара алмаса, менің қасыма келіп: «Әй, Есімқұл аш дәптерінді, көріп алайыншы», — дейтін. Сөйтіп, есепті көшіріп алады да өзі шығарғандай, томпып отыратын.



соғыстан қайтпай, жартылай жетімдіктің зардабын шексе де, ешуақытта мойыған емес. Өмірдің өзі осылай кете береді. Қазір артында Жұлдыз атты ұлы қалды. Әлі күнге дейін араласып тұрамыз. Мұқағалиды ешуақытта ойымнан шығарған емеспін. Зиратына барып, құран оқытамын. Ескерткішінің басына да жиі барамын. Ол — «Хан тәңірінің мұзбалақ ақыны». Болашақ ұрпақ оны ешқашан ұмытпауы тиіс. Досымның өлендерін жиі оқып, нағыз өмірдің өзін шарлап кетемін. Әр өлені канат бітіреді. Жырына жазылған әндері каншама! Осының бәрі ұрпақтан-ұрпаққа жетеріне сенемін. Бір сенер азаматын, жанашырын, шынайы досын болса — Мұқағалидай болсын!

Жазып алған Макпал НОҒАЙБАЕВА
Фото Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

МҮҚІС МҮНІС



МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ӨЗ МӘТЕБЕҢІЗДІ АНЫҚТАП АЛҢЫЗ: ЖАЛДАМАЛЫ ЖҰМЫСКЕР, ЖЕКЕ КӨСІПКЕР, ЗЕЙНЕТКЕР, СТУДЕНТ Т.Б.

ЕМХАНАНЫ МЫНАДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА АУЫСТЫРУҒА БОЛАДЫ:

1. БАСҚА ЕЛДІ МЕКЕНГЕ ҚОНЫС АУДАРҒАНДА
2. ЕМХАНА ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАНДА НЕМЕСЕ ЖАБЫЛҒАНДА
3. ЕМХАНАНЫ ҚАЛАУЫНША ТАНДАҒАНДА ЖЫЛЫНА БІР РЕТ
4. ТІРКЕЛУ НАУҚАНЫ КЕЗІНДЕ (ЖЫЛ САЙЫН 15-ҚЫРКУЙЕКТЕ 15-ҚАРАША АРАЛЫҒЫНДА)

ШҒҒЫЛ ЖАҒДАЙЛАРДА ТІРКЕЛМЕЙ-АҚ КЕЗ-КЕЛГЕН ЕМХАНА КҰЗМЕТІН ПАЙДАЛАНА АЛАСЫЗ

Жас qazaq газетінің ұжымы әріптесіміз Сәлима Ысқақованың жолдасы
Әлімжан ЖОРАХАНҰЛЫНЫҢ
мегілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА
--	---



ТҰЗКӨЛ мен ХАН ТӘҢІРІ

Тимур Сегізбаевты білмейтін ұрпақ...

Тимур Сегізбаев! Аңыз адам, қазақ футболының марқасқасы! Өткен ғасырдың 60-70 жылдары Алматы жұртшылығы осы аяқ доп шеберінің ойынын көру үшін Қазақ КСР-інің Орталық стадионына тайлы-тұяғымен ағылатын. Әлем футболының падишасы «қара маржан» Пеле де қазақ үшін Тимурдың алдында түкке тұрмайтын. Португалияның жұлдызы Эйсебио да, бразилиялық қос тарлан Жаирзинио мен Гарринча да Тимурдың алдында «жіп есе» алмайтын. Бұл ғажап ойыншылар өзгелер үшін пір шығар, ал қазақ жанкүйерлеріне Сегізбаевтан асқан серке болмаған.

Ол кезде Тимур туралы небір аңыз әңгімелер жүретін ел аузында. «Оң аяғы сұмдық екен! Тимурдың тепкені темір үзеді! Штетелдің бір командасымен ойнағанда қақпада маймыл тұрыпты. Сұмдық дейді, доп жібермейді, кез келген жерден қағып ала қояды! Тимур он аяқпен қақыратып тепкенде маймылдың іші жарылып, доп қақпадан бір-ақ шығыпты!». Әңгіме осылай өрбіп кете беретін. Т.Сегізбаевтың он аяғының соккысының «құштілігі» сонша қызыл белгі байлап қоятын көрінеді, ол «оң аяқпен тебуге рұқсат жоқ!» деген сөз. Міне, сөздің күдіреті!

Келе-келе Сейітжан және Сейілдә Байшаков секілді інілері ере бастады сонынан. Сейітжан — шабуылшы, Сейілдә — қорғаушы, қақпашы жетіспеуші еді, Құралбек Ордабаев келді, ал бапкер Тимурдың өзі жартылай қорғаушы. Сонымен, қазақтан шағын команда пайда болды. Бұл үлкен жетістік еді. «Қайрат» командасының КСРО біріншілігінде өнер көрсетуінің өзі қазақ футболының алтын ғасырына пара-пар кезең.

Қайрат деген есімнің жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптағаны сол кез. Тимур-Темірлер де қаулап өсті. Сейітжан, Сейілдә, Құралбек атты сөбилердің саны артты.

Қазір соңғыларын кайдам, ал Тимур Сегізбаевты білмейтін ұрпақ пайда болды. Олар Пелені де, Эйсебионы да, Жаирзинионы мен Гарринчаны да, тіпті кешегі Марадонаны да танымайды. Олардың аузында Роналду, Месси... Тіпті Еуролигадағы футболшылардың бәрін жатқа білетіндер бар да, қазақ футболында жасындай жарқырған ойыншылардың атын атап, түсін түстей алатындар аз.

Астанаға «Селтик» келгенде «Шахтердің» ойынын тамашалау үшін емес, шотландиялық футболшылармен суретке түсу үшін селтіп тұрған қазақтың қаршадай балаларын көргенде жүрек шаншыды, бауыр езілді.

Қазақстан-Швеция ойыны алдында да солай болды. З.Ибрагимовичтен қолтаңба алу үшін тізілген қатарды көрген қазақ футболшылары жерге қарады дейді.



Әне, әйтпесе. Танымалдылық деген осы. Қазақ елінде каншама жыл ойнап, ел намысын жыртып жүрген жерлестерімізден төрі сонау Еуропа алаңдарында доп теуіп жүрген сырт ел футболшысының аты жанға жақын болып тұр. Бұл ненің әсері?

Сегізбаевтың кезінде теледидар жоқтың қасы, әр үйде бір-бір радио. Негізгі хабар таратушы да, репортаж беруші де осы шағын жәшік еді. Қазір ақпарат ағыны сұмдық! Теледидар, газет-журналды былай қойғанда, бір интернеттің өзі неге тұрады! «Көк жәшікті» ашып қалсаң, әлем, Еуропа футболының матчтарын көресің. Ал қазақ футболына көңіл енді-енді бөліне бастады.

Ендеше бүгінгі ұрпақ қазақ футболын қайдан білсін!

Қанат Нөсербаев, Қайрат Нұрділұетов, Ұлан Қонысбаев жас жанкүйерге пір бола ала ма?

Самат Смаков идеал болуға тұратын ойыншы еді. Бола алмады.

«Уэмблидегі» голдан кейін Жамбыл Көкеевтің аты ауыздан ауызға тарай бастаған еді. «Семіздікті қой ғана көтереді». Құрамаға да шақырылмайтын болды. Неге екенін кайдам, осы азаматта нағыз футболшының бойына қажетті қасиеттің бәрі бар екенін іштей сезетінбіз. Әлде біз оның болмысын толық аша алмадық па?

Бразилияның «Ботафогасында» ойнаған Рауан Сариевтен көп үміт күткен едік. Ақталмады. Алайда таяуда ғана бір ақпараттан оның «Жетісуға» оралғанын оқып қалдық. Үміт оты жарқ етті.

Ал «Оле Бразил» футбол академиясынан оралған жастар «күшігінен таланып» қалғандай, әр жерде шашылып қалғанға ұқсайды.

Бауыржан Исламханнның күні туғандай еді. Ерте қуандық па деп қорқамын. Аялы алақан, ақылды бас жетпей тұр-ау оны тәрбиелейтін.

Сонымен кумир-пір тәрбиелеуге бола ма? Қайткенмен де қазіргі ұрпаққа қазақ Мессии керек. Алаңға ағылып барып, сағынып қайтатын.

Енді Тимур тумайды. Сейітжан да, Сейілдә да, Құралбек те.

Мүлде басқа ұрпақ келеді алаңға. Біз сонда кіммен суретке түсеміз, кімге қол соғамыз?!

Еркебуланға ма, әлде Бактиер-Бактиярға ма? Ол — уақыт еншісіндегі нәресе.

Дүрәлі ДҮЙСЕБАЙ